

**Айкерим Мурсал^{1*}, Айман Әбділдіқызы Жанабекова²,
Гүлден Бақытқазықызы Тлегенова³**

^{1*} автор-корреспондент, докторант, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0001-8035-4236 E-mail: aigerimmursal@mail.ru

² филология ғылымдарының докторы, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0002-6199-7444 E-mail: aiman_miras@mail.ru

³ докторант, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0001-9842-3324 E-mail: gulden_20.88@list.ru

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЕСКІ КІТАБИ ЛЕКСИКА ЖӘНЕ ОНЫҢ ЛИНГВОСТАТИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Ұсынылған мақалада қолданбалы лингвистиканың бір саласы болып табылатын статистикалық лингвистиканың әдістері арқылы Абай Құнанбайұлы шығармаларындағы ескі кітаби лексиканың қолданылу ерекшеліктері мен жиілігі зерттеледі. Зерттеудің мақсаты – ақын мұрасының тілдік ерекшеліктерін ашу және оның әдеби мұрасының қазақ әдебиеті мен мәдениетіндегі маңыздылығын ғылыми тұрғыдан негіздеу. Абай шығармаларының мәтіндеріндегі араб, парсы және шағатай тілдерінен енген сөздердің қазақ тіліне ықпалы және олардың қазіргі қазақ тіліндегі семантикалық сабақтастығы қарастырылады. Сонымен қатар лексикалық бірліктердің қолданылу жиілігі лингвостатистикалық әдістер арқылы анықталады. Абай Құнанбайұлы шығармалары – қазақ әдебиеті мен мәдениетінің маңызды мұрасы. Ақынның шығармаларындағы ескі кітаби лексика қазақ әдеби тілінің дамуына ерекше ықпал етті. Бұл зерттеуде Абай шығармаларындағы кірме сөздер лексикалық және семантикалық тұрғыдан талданып, олардың жиілік көрсеткіштері анықталды. Зерттеудің өзектілігі қазақ тіліндегі кірме сөздердің қолданыс аясы мен маңыздылығын анықтаумен айқындалады. Зерттеу материалы ретінде Абай Құнанбайұлының академиялық толық жинағы пайдаланылды. Лексикалық талдау барысында 51207 сөзқолданыстан тұратын мәтін базасы құрылды. Лингвостатистикалық әдістер арқылы сөздердің жиілік көрсеткіштері анықталды, ал семантикалық талдауда кірме сөздердің араб, парсы және шағатай тілдерінен қазақ тіліне ауысуы зерттелді. Зерттеу нәтижесінде Абай шығармаларындағы ең жиі қолданылатын сөздер мен сөз таптары анықталды. Етістіктер мен зат есімдердің қолданылу жиілігі жоғары екендігі байқалды (етістік – 14956 рет, зат есім – 14119 рет). Абай Құнанбайұлының шығармаларындағы ескі кітаби лексика қазақ тілінің лексикалық және семантикалық байлығын көрсетеді. Лингвостатистикалық талдау нәтижелері ақын мұрасының ұлттық әдебиет пен мәдениетке қосқан үлесін сандық және сапалық тұрғыдан дәлелдейді. Зерттеу нәтижелері қазақ әдебиеті мен тілінің даму тарихындағы ескі кітаби лексиканың маңыздылығын айқындауға мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: ескі кітаби лексика; лингвостатистика; сөзқолданыс; кірме сөздер; жиілік сөздік

Қаржыландыру көзі: Мақала AP19676197 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Абай шығармаларының квантитативтік бейнесі: жиілік сөздік әзірлеу және лингвостатистикалық талдау» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.

Сілтеме жасау үшін: Мурсал А., Жанабекова А.Ә., Тлегенова Г.Б. Абай шығармаларындағы ескі кітаби лексика және оның лингвостатистикалық ерекшеліктері. *Tiltanyum*, 2024. №4 (96). 187-200-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-4-187-200>

**Айкерим Мурсал^{1*}, Айман Абдилдаевна Жанабекова²,
Гүлден Бақытқазыевна Тлегенова³**

^{1*} автор-корреспондент, докторант, Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0001-8035-4236, E-mail: aigerimmursal@mail.ru

² доктор филологических наук, Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0002-6199-7444 E-mail: aiman_miras@mail.ru

³ докторант, Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0001-9842-3324 E-mail: gulden_20.88@list.ru

СТАРОКНИЖНАЯ ЛЕКСИКА В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ АБАЯ И ЕЁ ЛИНГВОСТАТИСТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ

Аннотация. В предлагаемой статье с использованием методов статистической лингвистики, которая является одной из прикладных отраслей лингвистики, исследуются особенности употребления и частотность старокнижной лексики в произведениях Абая Құнанбайұлы. Цель исследования – выявить языковые особенности наследия поэта и

обосновать с научной точки зрения значимость его литературного творчества в контексте казахской литературы и культуры. Рассматривается влияние слов, заимствованных из арабского, персидского и чагатайского языков, на казахский язык, а также их семантическая преемственность в современном казахском языке. Кроме того, частотность лексических единиц определяется с использованием лингвостатистических методов. Произведения Абая Кунанбайулы являются важным наследием казахской литературы и культуры. Старокнижная лексика в его произведениях оказала значительное влияние на развитие казахского литературного языка. В данном исследовании заимствованные слова в произведениях Абая подвергаются лексическому и семантическому анализу, а также определяется их частотность. Актуальность исследования определяется необходимостью выявления сферы употребления и значимости заимствованных слов в казахском языке. В качестве материала исследования использовано полное академическое собрание произведений Абая Кунанбайулы. В ходе лексического анализа была создана текстовая база, включающая 51207 словоупотреблений. С помощью лингвостатистических методов определены частотные показатели слов, а семантический анализ выявил процесс перехода заимствованных слов из арабского, персидского и чагатайского языков в казахский язык. В результате исследования выявлены наиболее часто употребляемые слова и части речи в произведениях Абая. Наблюдается высокая частотность употребления глаголов и существительных (глаголы – 14956 раз, существительные – 14119 раз). Таким образом, старокнижная лексика в произведениях Абая Кунанбайулы отражает богатство лексического и семантического потенциала казахского языка. Результаты лингвостатистического анализа количественно и качественно подтверждают вклад наследия поэта в национальную литературу и культуру. Полученные результаты позволяют выявить значимость старокнижной лексики в истории развития казахской литературы и языка.

Ключевые слова: старокнижная лексика; лингвостатистика; словоупотребление; заимствованные слова; частотный словарь

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках проекта грантового финансирования AP19676197 Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан на тему: «Квантитативная картина произведений Абая: разработка частотных словарей и лингвостатистический анализ».

Для цитирования: Мурсал А., Жанабекова А.А., Тлегенова Г.Б. Старокнижная лексика в произведениях Абая и её лингвостатистические особенности. *Tiltanyim*, 2024. №4 (96). С. 187-200. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-4-187-200>

Aikerim Mursal^{1*}, Aiman Zhanabekova², Gulden Tlegenova³

^{1*}Corresponding author, Doctoral student, A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0001-8035-4236 E-mail: aigerimmursal@mail.ru

²Doctor of Philological Sciences, A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0002-6199-7444 E-mail: aiman_miras@mail.ru

³Doctoral student, A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0001-9842-3324 E-mail: gulden_20.88@list.ru

OLD BOOK VOCABULARY IN ABAI'S WORKS AND ITS LINGUO-STATISTICAL FEATURES

Abstract. This article explores the features and frequency of old book vocabulary in the works of Abai Kunanbaiuly through the methods of statistical linguistics, which is a branch of applied linguistics. The aim of the study is to uncover the linguistic characteristics of the poet's legacy and scientifically substantiate the significance of his literary heritage in the context of Kazakh literature and culture. The influence of words borrowed from Arabic, Persian, and Chagatai languages on the Kazakh language, as well as their semantic continuity in modern Kazakh, is analyzed. Additionally the frequency of lexical units is determined using statistical linguistic methods. The works of Abai Kunanbaiuly are a valuable part of Kazakh literature and culture. The old book vocabulary in his works played a significant role in the development of the Kazakh literary language. This study examines the borrowed words in Abai's works from lexical and semantic perspectives, determining their frequency. The relevance of the study lies in identifying the scope and importance of borrowed words in the Kazakh language. The academic complete collection of Abai Kunanbaiuly's works was used as the research material. A text database of 51,207 word usages was created during the lexical analysis. Frequency indicators of words were determined through statistical linguistic methods, and the semantic analysis examined the transition of borrowed words from Arabic, Persian, and Chagatai into the Kazakh language. The study identified the most frequently used words and parts of speech in Abai's works. A high frequency of verbs and nouns was observed (verbs: 14,956 occurrences; nouns: 14,119 occurrences). Old book vocabulary in Abai Kunanbaiuly's works demonstrates the lexical and semantic richness of the Kazakh language. The results of the statistical linguistic analysis provide quantitative and qualitative evidence of the poet's contribution to national literature and culture. The findings highlight the importance of old book vocabulary in the historical development of Kazakh literature and language.

Keywords: old book vocabulary; linguo-statistics; word usage; borrowed words; frequency dictionary

Source of financing: The article was prepared within the framework of the grant project AP19676197 of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan on the theme: "The quantitative image of Abay's works: development of frequency dictionaries and linguostatistical analysis".

For citation: Mursal, A., Zhanabekova, A., Tlegenova, G. Old Book Vocabulary in Abai's Works and its Linguo-Statistical Features. *Tiltany*, 2024. №4 (96). P. 187-200. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-4-187-200>

Кіріспе

Тілдік қарым-қатынасты жүзеге асыруға жұмсалатын лексикалық бірліктердің қандай да бір уақыт кесіндісіндегі (қазіргі заман, кеңестік кезең т.б.) және тіл иелмендері арасындағы қатынастың нақты кеңістігіндегі (ғылыми ортадағы, ресми-іскери жағдаяттағы, бейресми т.б. қарым-қатынастағы) ауқымы мен қолданыс қарқынын жиілік сөздіктер ерекше дәлдікпен сипаттай алады (Ахабаев, 1973: 11). Осыған байланысты Абай шығармаларының жиілік сөздігі тілдің бірнеше кезеңдік тарихына қатысты ақпарат беру мүмкіндігін бере алады. Жалпы Абай шығармалары мәтіндерінің жиілігін шығару белгілі бір кезеңге, өзгеру сатысына, дамуға қатысты тілдік бірліктердің семантикалық өрісі және т.б. туралы ақпарат берумен қоса лингвистиканың барлық салаларына қатысты зерттеулер жасауға қолайлылық тудырады.

Қазақ тілінің жиілік сөздіктерінің тілтанымдық теориялық негізі лингвостатистика саласының қалыптасып, дамуы арқылы жасалды. Түркі тілдері бойынша статистикалық зерттеулер жүргізіліп, жиілік сөздіктердің 70-жылдары алғаш қазақ тілінде жарық көруі сол кезеңдегі үлкен жаңалық болды. ХХІ ғасырда мемлекеттік тіліміздің қолданыс қызметін арттыру мақсатындағы заманауи қажеттіліктерге сәйкес қолданбалы бағыттағы ғылыми жобаларға ерекше мән беріліп, бұл ретте 2016 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің тарапынан мемлекеттік тілді оқытудың тиімді әдістемесін жасау мақсатында лексика-грамматикалық минимумдар үшін қажетті қазақ тілінің жиілік сөздігін құрастыру ісінің А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтына тапсырылуы «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігін» құрастыруға мүмкіндік тудырды. Тіл бірліктерін статистикалық әдіспен зерттеу арқылы алынған нәтижелер лингвистиканың көптеген теориялық мәселелерін ашуға, сол сияқты қолданбалы бағыттағы, атап айтқанда:

а) компьютерді ұтымды пайдалану; тілге қатысты компьютерлік бағдарламалар жұмысын жүзеге асыруда ықтималдық теориясы жиілікке сүйенеді;

ә) әртүрлі сипаттағы лингвистикалық минимумдар жасау;

б) тілді оқыту;

в) сөздіктер құрастыру;

г) тілдік корпустар жасау;

ғ) машиналық аударма; мәтіндік редактор;

д) баспа ісін жетілдіру;

е) әсіресе, қазіргі таңда қажеттілік тудырып отырған қазақ тілін латын қарпіне көшіруге қатысты мәселені шешудің ғылыми-практикалық алғышарттарын жасау ісінде (пернетақтада қаріптерді орналастыру, емле жазу т.б.) маңызды болып табылады.

Түркі тіл білімінде статолінгвистикалық зерттеулер нәтижесінде алғашқы жиілік сөздіктерді қазақ тілтанушылары құрастырған болатын. Қазақ тілінде жарық көрген жиілік сөздіктер: К. Бектаев, А. Жұбанов, С. Мырзабеков, А. Белботаев «М. Әуезовтің 20 томдық шығармалар текстерінің сөздігі»; ҚазССР АН Тіл білімі институтынан шыққан «Абай тілі сөздігі» түсіндірме сөздігі негізінде құрылған әліпбилі-жиілік сөздіктер; А. Ахабаевтың «Қазіргі қазақ газеттері тілінің алфавитті-жиілік сөздігі»; К. Бектаевтың «Қазақ ертегілері мәтіндерінің әліпбилі-жиілік сөздігі»; К. Бектаев, А. Белботаев, К. Молдабековтің «Ғ. Мүсіреповтің «Кездеспей кеткен бір бейне» повесінің негізінде құрастырылған әліпбилі-жиілік сөздігі»; А. Белботаевтың «Математика тексінің алфавитті-жиілік сөздігі»; К. Бектаев, Қ. Молдабековтің «Балалар әдебиеті тексінің алфавитті-жиілік сөздігі»; Жұбанов А., Жаңабекова А., Карбозова Б., Қожахметова А. «Қазақ тілінің жиілік сөздігі»; «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі»; «Қазақ графемаларының жиілік сөздігі» (әріп, әріп тіркесі, буын, түрленім қосымша, түрленім форма, сөз, сөзформа).

Аталған сөздіктер Абай шығармалары мәтіндерінің әзірленуіне теориялық әрі практикалық бастама болды. Олардың бүгінгі күнге дейін құндылығы жоғары. Мәселен, «М.Әуезовтің «Абай жолы» романының жиілік сөздігі» ұлы жазушы шығармасының «сөз шұрайы, тіл кестесі келісті,

өрнекті сөз орамдарына мейлінше бай теңдесі жоқ туынды» екенін сандық мәліметтер, цифрлар арқылы нақтылай түседі.

Материал және әдістер

Зерттеудің материалы ретінде Абай шығармаларының академиялық толық жинағы алынды. Жалпы үш томнан тұратын академиялық жинақ 51207 сөзқолданыстан тұрады. Үш томдық толық жинақ Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына орай текстологиялық зерттеулер негізінде қайта сараланып, мазмұндық, мәтіндік, құрылымдық тұрғыдан толықтырылып құрастырылған (Абай шығармаларының академиялық толық жинағы, 2020: 4). Академиялық жинақтың үшінші томында Абай шығармалары қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы мен ақынның 1909 жылы Петербург қаласында жарық көрген тұңғыш жинағының түпнұсқасы мен кириллицаға аударылған нұсқасы берілген (Абай шығармаларының академиялық толық жинағы, 2020: 3).

Абайдың тілін зерттеуде «Абай тілі сөздігі» ерекше мәнге ие, өйткені ол ақынның ескі кітаби лексиканы қаншалықты тиімді пайдаланып, қазақ әдеби тілін байытқанын көрсетеді. Абай шығармаларында кездесетін араб, парсы, шағатай сөздері сөздікте талданып, олардың философиялық, діни, тарихи ұғымдарды жеткізудегі маңыздылығы анықталған (Абай тілі сөздігі, 1968).

Зерттеу барысында жүйелік-құрылымдық талдау, зерттеудің сипаттамалы және тарихи әдістері негізінде қажетті деректер сұрыптап алынып, жинақталған деректер бойынша статистикалық әдістермен қатар, салыстыру, талдау әдістері де қолданылды.

Зерттеудің негізгі әдіснамалық тәсілі ретінде лингвостатистикалық талдау қолданылды. Бұл әдіс Абай шығармаларының тілдік құрылымын зерттеуге мүмкіндік беріп, мәтіндегі әртүрлі сөз формаларының жиілігін анықтауға, сөздердің қолданылу аясын анықтауға, сондай-ақ, сөздердің лексикалық, грамматикалық және семантикалық ерекшеліктерін зерттеуге мүмкіндік береді. Лингвостатистикалық әдіс арқылы мәтіндердегі сөздердің құрылымдық және функционалдық рөлін бағалауға, сөздердің жиілігіне қарай олардың мағыналық жүктемесін анықтауға болады.

Зерттеу барысында Абай шығармаларының мәтіндерінде қолданылған кірме сөздер мен қазақ тіліне енген кірме сөздер де талданды. Бұл сөздер қазақ әдеби тілінің дамуы мен оның дәстүрлерін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Кірме сөздердің жиілігі мен олардың қолданылу контексті Абайдың өз шығармашылығында ғана емес, сондай-ақ қазақ әдеби тілінің тарихи дамуында да маңызды орын алады. Абайдың шығармалары арқылы қазақ әдеби тілінде жаңа сөздер мен ұғымдар пайда болып, олар халықтың мәдениеті мен рухани өмірінің құрамдас бөлігіне айналды.

Зерттеудің барысында алынған деректердің талдануы нәтижесінде Абай шығармаларында қолданылған ескі кітаби лексиканың қазақ әдебиетіндегі орнын және оның ұлттық тіл мен мәдениетке әсерін көрсету мүмкіндігі туындайды. Сондай-ақ зерттеу нәтижелері Абай шығармаларының тілдік ерекшеліктерін, оның қоғам мен мәдениетке қосқан үлесін нақтылай түседі.

Әдебиетке шолу

К.К. Матжанова (2018) өз еңбегінде тарихи діни типтердің номинациясына қатысты лексикалық талдаудың маңыздылығын атап өткен, бұл қазақ әдеби тілінің дамуы мен оның лексикалық құрылымының терең зерттелуіне ықпал етеді (Матжанова, 2018). Осыған байланысты Абай шығармаларының тілдік құрылымын зерттеу қазақ әдебиеті мен тілінің даму тарихы тұрғысынан маңызды.

Жұбанов А., Жаңабекова А., Карбозова Б., Қожахметова А. құрастырған «*Қазақ тілінің жиілік сөздігі*» еңбегі қазақ тілінің лексикалық және грамматикалық құрылымын зерттеуде маңызды құрал болып табылады. Ғалымдар: «Жиі қолданылатын сөздердің құрылымын анықтау арқылы автор шығармаларындағы негізгі тақырыптарды, стильдік ерекшеліктерін және тілдік тәсілдерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді» (Жұбанов т.б., 2016) – деген тұжырымға келді. Абай Құнанбайұлы шығармаларының ескі кітаби лексикасы мен лингвостатистикалық ерекшеліктерін зерттеу қазақ тілінің дамуы мен әдеби тілдің тарихы тұрғысынан маңызды болып

табылады. Бұл зерттеудің мақсаты – Абай шығармаларындағы сөздердің лексикалық құрамын, әсіресе ескі кітаби лексиканы талдап, оның тілдік құрылымдарымен байланысын анықтау. Жұмыс барысында ақынның шығармаларының мәтіндеріндегі сөз қолданыстарының жиілігін анықтау және ескі сөздердің қазіргі қазақ тіліндегі жағдайын зерттеу көзделген.

Зерттеу төменде көрсетілген кезеңдер бойынша жүзеге асырылды. Өр кезеңде мәтіндерді талдаудың түрлі әдістемелері қолданылып, нәтиже алу үшін нақты техникалық және әдіснамалық қадамдар жасалды.

Зерттеу барысы төмендегі ретпен жүргізілді:

1-кезең. *Мәтіндік базаны жинақтау*. Абай шығармалары мәтіндерінің жиілігін шығаруда 51207 сөзқолданыстан тұратын мәтін алынды. Абай шығармаларын (аудармалар өлеңдер, қара сөз, поэмалар) жинау.

2-кезең. *Мәтіндерін техникалық түзетуден өткізу*. PDF форматынан Word форматына ауыстыру барысында қате кеткен сөздерді дұрыстап, тыныс белгілерін тексеру.

3-кезең. *Сөзформалар тізімін жасау*. Тазартылған қара мәтін парадигмалық қатармен әліпби ретімен XL-парақшаға түсірілді. Бұл парақшада сөздер түбір тұлғасында емес, формада тұрады (сөзформа/сөзтұлға).

4-кезең. *Мәтіндерді түпнұсқамен транскрипциялау*. Абай шығармалары мәтіндерінің жиілік сөздігіндегі сөздерді түпнұсқамен транскрипциялау (өлең, қарасөздер, поэма, ән, аудармалары бойынша).

Кесте 1 – А. Құнанбайұлы шығармаларындағы мәтіндерінің жиілік сөздігіндегі сөздерді түпнұсқамен транскрипциялау барысы (үзінді)

Таблица 1 – Процесс транскрипции слов в частотном словаре текстов произведений А.Кунанбайулы с оригинала (выписка)

Table 1 – The process of transcription of words in the frequency dictionary of texts of A.Kunanbaiuly's works from the original (excerpt)

Сөзтізбе	Араб (төте)	Қадим
Абай	اباي	اباي
Абайдың	ابايدىڭ	ابايدىڭ
абайла	ابايلا	ابايلا
абайладым	ابايلادىم	ابايلادىم
абайлаңыз	ابايلانگىز	ابايلانگىز
Абайлар	ابايلار	ابايلار
абұйыр	ابوير	ابوير
абұйырсыз	ابويرسىز	ابويرسىز
абыз	ابىز	ابىز
абырой	ابىروي	ابىروي
абыройын	ابىروين	ابىروين
аға	اعا	اعا
ағады	اعادى	اعادى
ағайын	اعاين	اعاين
ағайынға	اعاينغا	اعاينغا
ағайынды	اعايندى	اعايندى
ағайын-жұрт	اعاين-جورت	اعاين جورت
ағайынның	اعايننىڭ	اعايننىڭ
ағайын-туғаны	اعاين-توغانى	اعاين طوغان
ағайыны	اعاينى	اعاينى
ағайыным	اعاينىم	اعاينىم

1-кестенің жалғасы / Продолжение Таблицы 1 / Continuation of Table 1

ағайынымен	اڭايىنىمەن	اڭايىنىمىن
ағайынын	اڭايىنىن	اڭايىنىن
ағалар	اڭالار	اڭالار
ағам	اڭام	اڭام
ағаны	اڭانى	اڭانى

Сөзтізбеде 13202 сөз алфавит ретімен орналасқан. Абай шығармалары әр жылдары әртүрлі жазумен баспадан шыққанына байланысты араб (төте) жазуымен де, қадим жазуымен де транскрипциялауды жөн көрдік.

5-кезең. *Мәтіндерді файлға жинақтау*. Берілген сөзформалар тізімінен жалқы есімдер, кірме сөздер алынып тасталады, яғни бөлек файлға жинақталады.

6-кезең. *Сөзформаларды түбірге келтіру*. Жиілік сөздік алдымен сөзформалардың тізімінен жасалады. Ал сөздердің (түбір тұлғаның) жиілік сөздігін жасау үшін сөзформалар түбірге келтірілуі керек болады. Мұны тілде лемматизация, түбірге келтіру деп атайды.

7-кезең. *Сөз табын қою*. Сөздердің жиілік сөздігінде олардың сөз таптарына қатысын көрсету де маңызды. Жалпы сөздік құрастыру тәжірибесінде сөздердің сөз табы қысқартылып беріледі. Осы орайда біз келесі кезеңде түбірге келтірілген сөздерге қолдап сөз табына қатысына қарай белгі қойылады.

8-кезең. *Мәтіндерді сұрыптау және әліпбилеу*. Мәтіндер жоғарыда аталғандай кезеңдерден өткеннен кейін арнайы компьютерлік программамен сөздер сортталып (сортировка – бірдей сөздер/сөзформалар) қосылады және қайта әліпбиленеді.

9-кезең. *Мәтіндердің жиілік сөздігін дайындау*. Әліпбилі-жиілік сөздік толық жоғарыдағы процестерден өткеннен кейін соңғы нұсқасында сөздіктің жиілікті және кері-әліпбилі сөздік деп аталатын түрлері алынды. Осылайша мәтіндердің жиілік сөздігі үш нұсқада дайындалады.

10-кезең. *Сөзформалар сөзтізбесін жүйеге келтіру*. Алынған жиілік сөздікте сөзге және сөзформаға, сонымен қатар әріп жиілігіне қатысты статистикалық сипаттамалар беру.

Кесте 2 – А. Құнанбайұлы шығармаларындағы сөздердің кездесу жиілігі (үзінді)

Таблица 2 – Частота встречаемости слов в произведениях А. Кунанбайұлы (выписка)

Table 2 – Frequency of occurrence of words in A. Kunanbaiuly's works (extract)

Сөз/ сөз табы	Аудармалар	Қарасөздер	Өлеңдер	Поэмалар	Жалпы жиілігі
абұйыр/зт	1	1	3		5
айт/ет	34	79	102	21	236
айт/од	5	6	10	13	34
ак/ет	8	10	16	3	37
ак/шл	6	4	43	8	61
ақыл/зт	15	108	80	20	223
ақылдас/ет		2		1	3
ал/ет	85	161	249	48	543
ал/од	19	15	29	30	93
ал/сн	3	7	1		11
бар/ес	58	122	127	37	344
бар/ет	11	23	26	11	71

2-кестенің жалғасы / Продолжение Таблицы 2 / Continuation of Table 2

бер/ет	23	105	130	15	273
бер/үс	17	13	27	12	69
де/ет	113	472	273	75	933
де/шл	63	168	95	31	357
кел/ет	36	66	106	21	229
кел/сн	10	2	27	14	53
қал/ет	18	58	80	13	169
қал/зт	6	6	17	24	53
надан/сн	3	16	35	4	58
надандық/зт		10	3		13
өз/ес	81	294	164	29	568
түрлі/сн	5	33	8	2	48
түрт/ет			4		4
түс/ет	10	19	24	7	60
яки/шл	1	18	1		20
якини/сн		3			3

Абай шығармалары мәтіндерінің (өлеңдер, поэмалар, аудармалар, қарасөз) сөзформалар жиілік сөздігіндегі сөздер түбірге келтіріліп, оларға сөз табы қойылды. Ол жоғарыдағы кестеде келтірілген. Бұл әлі толық әліпбилі-жиілік шығарылмаған кесте. Тек жұмыстың жасалу барысынан алынған үзінді.

Нәтижелер және талқылау

Статистика – белгілі бір деректерді жинау, өңдеу және талдау арқылы құбылыстар мен үрдістерді жүйелі түрде зерттеуге бағытталған ғылым. Бұл ғылымның көмегімен үлкен көлемдегі ақпараттардан мағыналы және маңызды деректерді бөліп алып, оларды әртүрлі әдістер арқылы талдауға мүмкіндік беріледі. Әдетте статистикада жиілікті талдау, таралу заңдылықтарын анықтау және үрдістердің динамикасын бақылау маңызды орын алады (Махмудов, 2005). Статистикалық әдістер лингвистикада да кеңінен қолданылады, әсіресе лингвостатистикалық зерттеулерде мәтіндердегі сөздердің жиілігін анықтау арқылы тілдің құрылымын, қолдану ерекшеліктерін зерттеу үшін қолданылып келеді.

Махмудовтың (2005) анықтамасы бойынша, статистика – деректерді талдау арқылы құбылыстарды жүйелі түрде зерттеуге мүмкіндік береді, бұл әсіресе лингвистика саласында тілдің ішкі құрылымын және тілдік бірліктердің қолданылу заңдылықтарын ашуға жол ашады. Абай Құнанбайұлының шығармаларын лингвостатистикалық тұрғыдан зерттеу арқылы қазақ тілінің сөздік қоры мен оның құрылымдық ерекшеліктері анықталды (Жаңабекова, Пірманова, 2023). Абай шығармаларында қолданылатын сөз таптарының жиілігі мен таралуын талдай отырып, тілдік жүйенің негізгі бағыттарын, сондай-ақ әрбір сөз таптарының тілдік қызметін тереңірек түсінуге болады. Осыған байланысты Абай шығармаларындағы мәтіндердің тек қазақ сөздерінің сөз табы бойынша кездесетін жиілігін көрсету мақсатында төмендегі диаграмма ұсынылды (Диаграмма 1).




Диаграмма 1 – А. Құнанбайұлы шығармаларындағы қазақ сөздерінің сөз табы бойынша кездесу жиілігі

Диаграмма 1 – Частота встречаемости казахских слов в произведениях А. Кунанбайулы по части речи
Diagram 1 – Frequency of occurrence of Kazakh words in the works of A. Kunanbaiuly by parts of speech

Диаграммадан көргеніміздей, Абай шығармаларындағы мәтіндердің сөз табы бойынша ең көп кездесетіні етістік пен зат есім, оның ішінде етістік (ет) – 14956, зат есім (зт) – 14119, сын есім (сн) – 5071, есімдік (ес) – 3601, шылау (шл) – 3445, үстеу (үс) – 1208, сан есім (са) – 866, одағай (од) – 821, еліктеуіш сөздер (ел) – 699. Бұл диаграмма Абай шығармаларындағы сөз таптарының таралуын, олардың жиіліктерін және белгілі бір сөз таптарының басымдылығын көрсетеді, сонымен қатар Абай шығармаларының тілдік ерекшеліктерін талдауға мүмкіндік береді.

Абай Құнанбайұлының шығармалары қазақ әдебиеті мен тілінің ерекше үлгісі ретінде танылған. Оның мәтіндеріндегі сөздердің грамматикалық құрылымын зерттеу тілдің поэтикалық және философиялық ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік береді. Осыған орай Абай шығармаларындағы сөз таптарының жиілігін анықтау мақсатында өлеңдер, поэмалар, аудармалар және қарасөздер негізінде лингвостатистикалық талдау жүргізілді.

Зерттеу нәтижесінде сөз таптарының мәтіндерде кездесу жиілігі анықталды, бұл Абайдың шығармашылық стилі мен тілдік ерекшеліктерін сипаттауға мүмкіндік береді. Кестеде сөз таптарының (зат есім, етістік, сын есім, сан есім, есімдік, үстеу, шылау, одағай және еліктеуіш сөздер) Абай шығармаларында қолданылу жиілігі төменде келтірілген.

Кесте 3 – А. Құнанбайұлы шығармаларындағы сөз таптарының кездесу жиілігі (үзінді)

Таблица 3 – Частота встречаемости текстов в произведениях А. Кунанбайулы по классу слов (выписка)

Table 3 – Frequency of occurrence of texts in A. Kunanbaiuly's works by word class (extract)

Сөз табы	Кездесу жиілігі
ел	699
од	821
са	866
үс	1208
шл	3445
ес	3601

3-кестенің жалғасы / Продолжение Таблицы 3 / Continuation of Table 3

сн	5071
зт	14119
ет	14956
Жалпы саны	44786

Тізбеде қазақ тіліндегі тоғыз сөз табы бойынша жиіліктерінің кему ретімен орналасқан. А. Құнанбайұлы шығармаларындағы мәтіндердің сөз табы бойынша кездесу жиілік кестесі мәліметтеріне сүйене отырып, Абай Құнанбайұлы шығармаларындағы сөз таптарының қолданылу жиілігінен мынадай қорытынды жасауға болады:

Етістік (14956) пен *зат есімнің* (14119) ең жоғары жиілігі Абайдың ойды әрекет пен бейнелеу арқылы жеткізуге басымдық бергенін көрсетеді. Бұл оның шығармашылығының мазмұндық және құрылымдық негізін құрайды.

Сын есімдер (5071) мен *есімдіктердің* (3601) айтарлықтай жоғары жиілігі мәтіндердің эмоционалдық бояуын күшейтіп, автордың жеке көзқарасын айқындағанын байқатады.

Шылаулардың (3445) көп қолданылуы мәтін ішіндегі синтаксистік байланыстарды күшейтуге және ойды логикалық түрде жеткізуге ықпал еткен.

Үстеу (1208), *сан есім* (866), *одағай* (821) және *еліктеуіштердің* (699) сирек қолданылуы Абай шығармаларының бейнелілігін сақтай отырып, артық лексикалық элементтерден бас тартқан ықшамдылығын көрсетеді.

Қоңыратбаев Ә. «Қазақ поэзиясындағы ескі кітаби сөздердің орны» атты еңбегінде ескі кітаби лексиканың қазақ әдебиетіндегі орны ерекше екендігін атап өтеді. Зерттеуде араб, парсы, және шағатай тілдерінен енген сөздердің қазақ поэзиясында, әсіресе, діни, философиялық, тарихи және этикалық идеяларды жеткізу құралы ретінде пайдаланылғаны көрсетіледі (Қоңыратбаев, 1992). Ескі кітаби лексиканың қолданысы арқылы ұлттық әдебиетте өркениеттік идеяларды насихаттау, қазақтың төл мәдениеті мен дәстүрлерін сақтап қалу сынды мақсаттар орындалғаны айтылады.

Абай шығармалары мәтіндерінде (өлеңдер, поэмалар, аудармалар, қарасөз) берілген сөзформалар тізімнен кірме сөздер бөлек алынып, яғни бөлек файлға жинақталды. Бұдан бөлек кірме сөздердің қазақ тіліне игеріліп, сіңіп кеткен, мағынасы түсінікті араб, парсы сөздері бар. Атап айтсақ: абыз (араб), абырой (парсы), ағза (араб), адал (араб), ажал (араб), аза (араб), азап (араб), азар (парсы), азат (парсы), айла (араб), айна (парсы), айып (араб), ақ (араб), ақиқат (араб), ақирет (араб), ақыл (араб), ақымақ (араб), ақыр (араб), Алла (араб), аман (араб), апат (араб), ар (араб), араз (араб), арам (араб), арзан (парсы), арман (парсы), аруақ (араб), арыз (араб), ас (парсы), аспан (парсы), асыл (араб), ашына (парсы), аян (араб), аят (араб), әл (араб), әдеп (араб), әдет (араб), әзіл (араб), әзір (араб), әйел (араб), әл (араб), әлек (араб), әлем (араб), әмір (араб), ән (араб), әңгіме (араб), әрекет (араб), әрине (араб), әсем (араб), әсер (араб), әуел (араб), әуес (араб), әулие (араб), әуре (араб), баға (парсы), баж (парсы), базар (парсы), байқұс (парсы), бақ (парсы), бақша (парсы), бақыт (парсы), батыл (парсы), батыр (парсы), пәле (араб), бәлки (парсы), бейғам (парсы), бейсенбі (парсы), бейуақ (парсы), бейіс (араб), береке (араб), болат (парсы), бұқара (араб), бұл (парсы), бүкіл (парсы), ғадауат (араб), ғадалат (араб), ғазиз (араб), ғафу (араб), ғибадат (араб), ғұлама (араб), ғұзыр (араб), жауап (араб), жәбір (араб), жәннат (араб), жеке (парсы), зағип (араб), залал (араб), заһар (парсы), зина (араб), зират (араб), иман (араб), ислам (араб), қадыр (араб), күна (араб), кепіл (араб), кітап (араб), қағаз (араб), қауым (араб), қожа (парсы), құдай (парсы), құран (араб), қыбыла (араб), лағынет (араб), лазым (араб), лебіз (араб), мағлұм (араб), мазлұм (араб), макрух (араб), мақлұқ (араб), мархабат (араб), махаббат (араб), машхар (араб), мәсих (араб), маужұт (араб), мехнат (араб), мунафиқ (араб), мүбада (араб), надан (парсы), намаз (араб), наурыз (парсы), нәпсі (араб), ниғмет (араб), нұр (араб), нұсқа (араб), нысап (араб), обал (араб), опа (араб), ораза (араб), орамал (парсы), үкім (араб), үкімет (парсы), өнер (парсы), пайғампар (араб), пайда (араб), пәк (араб), пақыр (араб), пана (парсы), пара (парсы), паруардигар (парсы), пәтуа (араб), патша (парсы), пейіл (араб), пенде (араб), перзент (парсы),

пиғыл (араб), пида (араб), пікір (араб), раббы (араб), разы (араб), рақымет (араб), рақым (араб), сағат (араб), садақа (араб), салауат (араб), сауап (араб), сақаба (араб), сая (парсы), сәжде (араб), сипат (араб), сурет (араб), сүбхан (араб), сүннет (араб), сымбат (араб), тағат (араб), тағдыр (араб), талап (араб), талақ (араб), тамам (араб), тасбих (араб), такаппар (араб), тәлім (араб), тарк (араб), тәслім (араб), тәубе (араб), тәуекел (араб), тәуір (араб), тозақ (араб), тұмар (араб), уайым (араб), уақыт (араб), уәзір (араб), уәкіл (араб), үкімет (араб), үміт (парсы), фатиха (араб), хабар (араб), хакім (араб), хақ (араб), халық (араб), хадис (араб), халифа (араб), хас (араб), хикмет (араб), шам (араб), шапағат (араб), шарихат (араб), шаһар (араб), шәрбат (араб), шейіт (араб), шел (парсы), шен (парсы), шер (парсы), шекер (парсы), шүкір (араб), шыбық (парсы), ықтияр (араб), ықылас (араб), шырақ (парсы), шірік (парсы), ылаж (араб), лайық (араб), нысап (араб), ынтымақ (араб), яғни (араб), яки (араб) т.б. сөздер бар.

Бұл сөздер қазақ тілінде кеңінен қолданылып, толық игерілген және күнделікті өмірде мағынасы түсінікті лексикалық бірліктерге айналған. Абай шығармаларында бұл сөздер әдеби-эстетикалық және дүниетанымдық мазмұнды жеткізу құралы ретінде ерекше орын алған.

Р. Сыздықтың пікірінше, Абай ескі кітаби бірліктерді таза қазақы мәнерде қолданып, әдеби тілдің аясын кеңейтіп, оның лексикалық қорын байытты. Ғалым Абайдың бұл лексиканы қарапайым халыққа түсінікті ету үшін бейімдеп қолданғанын және оны философиялық, діни, әдеби ұғымдарды жеткізу үшін пайдаланғанын атап өтеді (Сыздық, 1968). Абай Құнанбайұлы шығармаларында араб және парсы тілдерінен енген сөздер көптеп кездеседі. Олардың бір бөлігі қазақ тілінде кеңінен қолданылып, толық игерілген болса, кейбір сөздердің қазіргі қазақ оқырмандары үшін мағынасы түсініксіз болып келеді. Төмендегі кестеде Абай шығармаларында кездесетін, бірақ қазіргі тілде сирек қолданылатын немесе мағынасы түсініксіз араб және парсы сөздері талданады.

Кесте 4 – А. Құнанбайұлы шығармаларындағы кірме сөздердің кездесу жиілігі (үзінді)

Таблица 4 – Частота встречаемости заимствованных слов в произведениях А. Кунанбайулы (выписка)

Table 4 – Frequency of occurrence of borrowed words in the works of A. Kunanbaiuly (extract)

Сөз/ сөз табы	Тілі/ аудармасы	Қара сөздер	Өлеңдер	Поэмалар	Жалпы жиілігі
алмадилар/ет	татар/алмадыңдар	1			1
арзуи /зт	парсы/тілек	1			1
мән/ес	араб/кім	1			1
меһрі/зт	араб/ықылас		1		1
надир/сн	араб/сирек	1			1
нигә/ес	татар/неге	1	1		1
рафғат/зт	араб/әділдік	1			1
раһбар/зт	араб/жолбасшы		1		1
садаға/зт	парсы/садақа	1			1
сүбутия/сн	араб /орнықты	2			2
таифа/зт	араб /тайпа	1			1
тәбдил/ет	араб /өзгеру		1		1
тәбдил/ет	араб/жаңартушы	1			1
уалакин/шл	араб /бірақта	1			1

4-кестенің жалғасы / Продолжение Таблицы 4 / Continuation of Table 4

фәрда/зт	араб/қайғы	2			2
həуа/зт	парсы/дүние	1			1
яр/зт	татар/жар		1		1

Демек, Абай Құнанбайұлы шығармаларындағы кірме сөздердің қолданылу жиілігіне жасалған талдау көрсеткендей, ең жиі қолданылатын сөздер негізінен араб және парсы тілдерінен енген. Бұлар діни, философиялық және этикалық ұғымдарды білдіретін терминдер мен тіркестерден тұрады. Сонымен қатар түркі тілдес халықтардың, әсіресе әзербайжан, татар, түрік және өзбек тілдерінен енген сөздер де аз кездеспейді. Бұл лексика Абай шығармаларында төмендегідей мақсатта пайдаланылған:

– *терминологиялық сипатта қолданылған*: араб және парсы сөздері көбінесе дін, ғылым, мораль тақырыптарын тереңірек ашу үшін қолданылады. Мысалы, «ғылым», «хикмет», «әділет», «мәдениет» сияқты сөздер;

– *түркі сөздерінің ықпалына ұшырауы*: түркі халықтарынан енген сөздер көбінде тұрмыстық және әдеби контекстерде қолданылған. Абай Құнанбайұлы оларды оқырмандарға түсінікті болу үшін пайдалана отырып, шығармаларының ұлттық сипатын сақтайды;

– *көпмәдениеттілік синтезі*: Абайдың шығармаларында кірме сөздерді қолдануы оның шығармашылығының тек қазақ тілінің шеңберімен шектелмей, жалпы мұсылман әлемінің және түркі мәдениетінің әдеби дәстүрлеріне негізделгенін айқындайды.

Зерттеу нәтижелері бойынша диаграммалар мен кестелерді талдау негізінде Абай Құнанбайұлы шығармаларында зат есімдер, етістіктер мен сын есімдердің жиі кездесетіні байқалады. Атап айтқанда, есімдіктердің мәтіндерде сын есімдермен салыстырғанда жиірек қолданылуы айқын көрінеді. Осы деректер негізінде Абай шығармаларында ең жоғары жиілікті сөз таптары ретінде зат есімдер мен етістіктер ерекшеленеді. Бұл тұжырым қазақ тілінің сөздік қорында, зат есімдер мен етістіктердің маңызды рөл атқаратындығын көрсетеді.

Жалпы алғанда Абай шығармаларында 300-ден аса кірме сөздер пайдаланылған. Соның басым бөлігі араб, парсы сөздері, оның ішінде зат есім – 58%, етістік – 22%, сын есім – 14%, үстеу – 2%, есімдік – 2%, шылау – 2%, одағай – 0% екендігіне зерттеу барысында көзіміз жетті.




Диаграмма 2 – А. Құнанбайұлы шығармаларындағы кірме сөздер қай сөз табына жатады?

Диаграмма 2 – К каким частям речи относятся заимствованные слова в произведениях А. Кунанбайұлы?

Diagram 2 – What parts of speech do the borrowed words in A. Kunanbaiuly's works belong to?

Абай шығармаларындағы кірме сөздердің сөз табы бойынша кездесу жиілігі:

Зат есім – 178 сөз

Етістік – 67 сөз

Сын есім – 42 сөз

Үстеу – 8 сөз

Есімдік – 6 сөз

Шылау – 5 сөз

Одағай – 1 сөз.

Кесте 5 – А. Құнанбайұлы шығармаларындағы кездесу жиілігі ең көп сөздер (үзінді)

Таблица 5 – Слова с наибольшей частотой встречаемости в произведениях А. Кунанбайулы (выписка)

Table 5 – Words with the highest frequency of occurrence in the works of A. Kunanbaiuly (extract)

Сөз	Аудармалар	Қарасөздер	Өлеңдер	Поэмалар	Жалпы саны
бол/ет	107	634	321	89	1151
де/ет	113	472	273	75	933
бір/шл	149	289	271	94	803
өз/ес	81	294	164	29	568
ал/ет	85	161	249	48	543
жоқ/зт	69	153	209	18	449
сөз/зт	52	132	206	26	416
қыл/ет	43	198	123	37	401
не/шл	77	176	119	26	398
да/шл	46	187	126	28	387
де/шл	63	168	95	31	357
бар/ес	58	122	127	37	344
көр/ет	57	98	154	26	335
біл/ет	31	144	94	9	278
бер/ет	23	105	130	15	273
ол/ес	37	144	74	13	268
жүр/ет	42	81	118	22	263
мен/шл	68	53	111	29	261
же/ет	54	60	91	51	256

Зерттеу нәтижесінде «бол» көмекші етістігінің жиілігі басқаларына қарағанда өте жоғары екендігін байқаймыз. Осыған дейін жасалған «Қазақ тілінің жиілік сөздігі», «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілікті-әліпбилі сөздігі», «С. Сәдуақасұлы шығармаларындағы сөздің жиілікті-әліпбилі сөздігі», «М. Әуезовтің 20 томдық шығармаларының жиілік сөздігі» көрсеткіштерімен салыстырып қарағанда, бәрінде «бол» көмекші етістігінің мәтінде кездесу жиілігі ең жоғары екендігіне көз жеткізе аламыз. Сонымен қатар «бол» көмекші етістігінің қолданысы мәтіндердің лексикалық және грамматикалық құрылымын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын біле аламыз. Ал Абай шығармаларының сөздік қоры мен тіліндегі грамматикалық құрылымдарындағы «бол» көмекші етістігінің жиі қолданылуы, оның

поэтикалық тілін ерекше көрсетеді. Етістік арқылы автордың ойларын терең әрі кең ауқымды жеткізу үшін тиімді құрал ретінде қызмет етеді. Отандық жиілік сөздіктердің бәрінде «бол» көмекші етістігінің кездесу жиілігі жоғары болуы оның қазақ тіліндегі кең таралған және қажетті элемент екенін растайды.

Қорытынды

Абай Құнанбайұлының шығармаларындағы ескі кітаби лексика, қазақ әдебиеті мен тілінің дамуына ерекше ықпал етті. Бұл лексика, әсіресе, араб, парсы және шағатай тілдерінен енген сөздер арқылы әдеби тілдің сөздік қорын байытып, ұлттық тілдің тереңдігін көрсетеді. Оның шығармаларындағы ескі кітаби лексика тек қазақ әдебиетінің маңызды элементіне айналып қана қоймай, сонымен бірге халықтың рухани мәдениетінің қалыптасуына да әсер етті.

Лингвостатистикалық зерттеулер бұл процесті нақты сандық деректер арқылы дәлелдейді. Абайдың шығармаларындағы сөздер мен лексикалық құрылымдарды зерттеу оның ұлттық тілдің дамуына қосқан үлесін көрсетуге мүмкіндік береді. Осы тұрғыда “Problems of Reception, Understanding, and Interpretation of Abai’s Works” мақаласы Абай тілінің ерекшеліктерін, оның тарихи-мәдени мәнін, сондай-ақ шығармашылығындағы күрделі тілдік және стильдік элементтерді зерттеуге бағытталғанын айта кеткен жөн (Oralbekova et al., 2024).

Қорыта айтқанда, Абайдың ескі кітаби лексикасы мен оның тілдік байлығы қазақ тілінің тарихи дамуындағы күрделі процестерді көрсетеді. Бұл лексика қазақ әдебиетінің әдеби тілдік қорына кіруімен ғана шектелмей, Абайдың әдеби мұрасының терең әрі жан-жақты зерттеуді қажет ететін көпқырлы тілдік құбылыс екенін көрсетеді. Абай шығармаларын лингвостатистикалық тұрғыда талдау ұлттық тіл мен мәдениетке қосылған ұлы мұраны түсінуге ықпал етеді.

Әдебиеттер

- Абай шығармаларының академиялық толық жинағы. Том 1. – Алматы: Жазушы, 2020. – 604 б.
 Абай шығармаларының академиялық толық жинағы. Том 3. – Алматы: Жазушы, 2020. – 488 б.
 Абай тілі сөздігі. – Алматы, 1968. – 734 б.
 Ахабаев А. Қазіргі қазақ газеттері тілінің алфавитті-жиілік сөздігі /Қазақ тексінің статистикасы. – Алматы, 1973. – 731 б.
 Жаңабекова А., Пірманова К. Абай Құнанбайұлы тілінің жиілік сөздігі: әдістемені әзірлеу және негізгі нәтижелер. Том 85. – № 3 (2023). – Б. 62-70.
 Жұбанов А., Жаңабекова А., Карбозова Б., Қожахметова А. Қазақ тілінің жиілік сөздігі. – Алматы: Қазақ тілі, 2016. – 665 б.
 Қоңыратбаев Ә. Қазақ поэзиясындағы ескі кітаби сөздердің орны. – Алматы: Рауан, 1992.
 Матжанова К.К. Исторические типы религиозных объединений: религиоведческий анализ. – Алматы, 2018. – 315 б.
 Махмудов Б. Статистика негіздері. – Алматы, 2005. – 220 б.
 Сыздық Р. Абай шығармаларының тілі. – Алматы, 1968. – 172 б.
 Kuralay Oralbekova, Shynar Kapantaikyzy, Marzhan Akhmetova, Maktagul Orazbek, Guldariga Kenzhebayeva. Problems of Reception, Understanding, and Interpretation of Abai’s Works. Interdisciplinary Literary Studies (2024) 26 (2): P. 162-178 <https://doi.org/10.5325/intelitestud.26.2.0162>

References

- Abai shygarmalarynyng akademijalyq tolyq zhinagy. Tom 1. Almaty: Zhazushy, 2020. 604 b. [Full academic collection of Abai's works. Volume 1. Almaty: Zhazushy, 2020. 604 p.] (in Kazakh)
 Abai shygarmalarynyng akademijalyq tolyq zhinagy. Tom 3. Almaty: Zhazushy, 2020. 488 b. [Full academic collection of Abai's works. Volume 3. Almaty: Zhazushy, 2020. 488 p.] (in Kazakh)
 Abai tili sozdigi. Almaty, 1968. 734 b. [Dictionary of the Abai language. Almaty, 1968. 734 p.] (in Kazakh)
 Ahabaev, A. (1973) Qazirgi qazaq gazetteri tilining alfavitti-jiiilik sozdigi. Qazaq teksining statistikasy. Almaty, 731 b. [Akhabyayev, A. (1973) Alphabetical-frequency Dictionary of the language of modern Kazakh newspapers. Statistics of the Kazakh language. Almaty, 731 p.] (in Kazakh)
 Kuralai Oralbekova, Shynar Kapantaikyzy, Marzhan Akhmetova, Maktagul Orazbek, Guldariga Kenzhebayeva. (2024) Problems of Reception, Understanding, and Interpretation of Abai’s Works. Interdisciplinary Literary Studies (2024) 26 (2): P. 162-178 <https://doi.org/10.5325/intelitestud.26.2.0162>
 Mahmudov, B. (2005) Statistika negizderi. Almaty, 220 b. [Makhmudov, B. (2005) Fundamentals of Statistics. Almaty, 220 p.] (in Kazakh)

- Matzhanova, K.K. (2018) *İstoricheskie tipy religioznyh ob'edinenij: religiovedcheskij analiz*. Almaty, 315 s. [Matzhanova, K.K. (2018) Historical types of religious associations: a religious studies analysis. Almaty, 315 p.] (in Russian)
- Qongyratbaev, Ä. (1992) *Qazaq poezijasyndagy eski kitabi sozderding orny*. Almaty: Rauan. [Konyratbayev, A. (1992) The place of old book words in Kazakh poetry. Almaty: Rauan.] (in Kazakh)
- Syzdyq, R. (1968) *Abai shygarmalarynyng tili*. Almaty, 172 b. [Syzdyq, R. (1968) The language of Abai's works. Almaty, 172 p.] (in Kazakh)
- Zhangabekova, A., Pirmanova, K. (2023) *Abai Qunanbaiuly tilining jiilik sozdigi: adistemeni azirleu zhane negizgi natizheler*. Tom 85, № 3 (2023). B. 62-70. DOI: 10.51889/2959-5657.2023.85.3.009 [Zhanabekova, A., Pirmanova, K. (2023) Frequency Dictionary of the language of Abai Qunanbaiuly: development of the methodology and the main results. Volume 85. № 3 (2023). P. 62-70.] (in Kazakh)
- Zhubanov, A., Zhangabekova, A., Karbozova, B., Qojahmetova, A. (2016) *Qazaq tilining jiilik sozdigi*. Almaty: Qazaq tili, 665 b. [Zhubanov, A., Zhanabekova, A., Karbozova, B., Kozhakhmetova, A. (2016) Frequency Dictionary of the Kazakh language. Almaty: Qazaq tili, 665 p.] (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 27.11.2024.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 23.12.2024.

© Мурсал А., Жаңабекова А.Ә., Тлегенова Г.Б., 2024

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2024